

**М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БАСҚАРМАСЫ**



**2026 жылы 02-06 наурыз аралығында кураторлар арасында дін саласына
байланысты жүргізілген сауалнаманың қорытынды
АҚПАРАТЫ**

Өзірлеген:
Әлеуметтік жұмыс басқармасының
дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев

Тараз 2026 жыл.

2026 жылы 02 - 06 наурыз аралығында дін саласына байланысты кураторлар арасында жүргізілген сауалнаманың қорытынды АҚПАРАТЫ

Әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыруымен факультеттердің топ кураторларына арналған дін саласындағы сауалнама жүргізілді. Аталған сауалнаманың мақсаты - топ кураторлардың дін саласына байланысты атқаратын жұмыстарын зерделеу. Студент жастардың бойында діни сауаттылықты және рухани иммунитетті қалыптастыруына байланысты топ кураторлардың да рөлі жоғары болу қажет. Өйткені, жастардың бойында рухани иммунитет және діни сауаттылық жоғары деңгейде қалыптаспаса, онда деструктивті діни ағымдардың ықпалына тез ұшырауы мүмкін.

Осыған орай, ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясатын түсіндіру мақсатында кураторларға арналған дін саласындағы сауалнамасы алынды. Сауалнамада 10 сұрақ қамтылып, 196 респондент қатысты. Факультет бойынша көрсеткіш:

«Технологиялық» – 29 (30,1%);

«Экономика және құқық» - 41 (20,9%);

«Жаратылыстану ғылымдары» - 39 (19,9%);

«Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» - 28 (14,3%).

«Филология және гуманитарлық ғылымдар» - 16 (8,2%);

«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» – 13 (6,6%);

Сауалнаманың сұрақтары бойынша:

1. «Студенттер арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу бойынша жұмыстар жүргізу керек пе?» деген сұрағы бойынша 130 респондент «міндетті түрде жүргізу қажет» деп белгілеген.

«студенттердің діни сауаттылығы жоғары болу қажет» - 32;

«қажеттілігі жоқ, діни жағдай бір қалыпты» - 30;

«діни тақырыпта іс-шараны өткізбеймін» - 2.

Жүргізілген сауалнама нәтижесінде респонденттердің басым көпшілігі студенттер арасында діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыстарды жүргізу қажет екенін қолдайтыны байқалды. Атап айтқанда, 130 респондент «міндетті түрде жүргізу қажет» деп жауап берген. Бұл көрсеткіш студент жастар арасында қауіптің алдын алу, түсіндіру жұмыстары мен профилактикалық іс-шаралардың маңыздылығын респонденттердің көпшілігі мойындайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, 32 респондент «студенттердің діни сауаттылығы жоғары болу қажет» деп есептейді. Бұл пікір діни экстремизмнің алдын алуда білім мен дұрыс ақпараттың рөлі маңызды екенін көрсетеді. Яғни, жастардың діни білімін арттыру арқылы теріс идеологиялардың ықпалына түсу қаупін азайтуға болады. Ал 30 респондент «қажеттілігі жоқ, діни жағдай бір қалыпты» деген пікір білдірген. Бұл топ қазіргі жағдайды тұрақты деп бағалайды және арнайы профилактикалық шаралардың аса қажеттілігін көрмейді. Ең аз көрсеткіш 2 респондентке тиесілі, олар «діни тақырыпта іс-шара өткізбеймін» деп жауап берген. Бұл респонденттердің саны өте аз болғандықтан, жалпы пікірге айтарлықтай әсер етпейді.

2. «Кураторлық сағаттарда өтілетін діни тақырыптағы кездесуге дінтанушы, теолог мамандарын шақырасыз ба?» деген сұрақ бойынша 146 респондент «міндетті түрде дінтанушы маман қатысу қажет» деп белгіледі.

«қажеттілігі жоқ» - 40;

«діни тақырыпта кездесу өткізілмейді» - 4. Атап айтқанда, 146 респондент «міндетті түрде дінтанушы маман қатысу қажет» деп жауап берген. Бұл көрсеткіш кураторлық сағаттар барысында діни тақырыптарды түсіндіруде кәсіби мамандардың қатысуы ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ететінін және студенттердің діни сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Ал 40 респондент «қажеттілігі жоқ» деген пікір білдірген. Бұл топ діни тақырыптарды куратордың өзі немесе басқа форматта түсіндіруге болады деп есептеуі мүмкін. Сонымен қатар, 4 респондент «діни тақырыпта

кездесу өткізілмейді» деп жауап берген. Бұл көрсеткіш өте төмен болғандықтан, мұндай тәжірибе кең таралмағанын көрсетеді. Сонымен қатар, 40 куратор діни тақырыпта өтілетін іс-шараға дінтанушы-теолог мамандардың қатысуы қажеттілігі жоқ деген жауабына келісе алмаймыз. Өйткені, қоғамдағы көптеген діни ағымдардың идеологиялық қауіптілігін ескере отырып, ҚР Дін істер комитетінің нұсқауымен діни ақпараттарды түсіндіру және жеткізу мақсатында жоғары діни білімді дінтанушы-теолог мамандарға жүктелінген. Сонымен қатар, кейбір кураторлар діни тақырыпта іс-шараны мүлдем өткізбейтінін жеткізген. Факультеттің, кафедраның тәрбие жұмыс жоспарында көрсетілгендей, діни экстремизм көріністерін алдын-алу, конфессияаралық және этносаралық тұрақтылықты сақтау бағыттары міндетті түрде қамтамасыз етілген. Осы бағыттар бойынша жұмыс жасалынуы қажет.

3. «Сіздің тәрбие жұмыс жоспарыңызда студенттердің діни сауаттылығын арттыру мақсатында іс шара өткізу қажет екендігін білесіз бе?» деген сұраққа байланысты 194 «ия» деп белгілеген.

«жоқ» - 1;

«бірінші рет естуім» - 1. Осы сұраққа респонденттердің басым көпшілігі бұл талаптан хабардар екенін көрсеткен. Бұл көрсеткіш білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы аясында студенттердің діни сауаттылығын арттыру мәселесі педагогтар мен жауапты тұлғаларға жақсы таныс екенін және оның маңыздылығы жоғары деңгейде түсінілетінін көрсетеді. Ал 1 респондент «жоқ» деп жауап берген. Сонымен қатар, 1 респондент бұл туралы «бірінші рет естуім» деп белгілеген. Бұл көрсеткіштердің өте аз болуы жалпы респонденттердің басым бөлігі аталған талаптан хабардар екенін дәлелдейді. Сауалнама нәтижелері тәрбие жұмысы жоспары аясында студенттердің діни сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шаралар өткізу қажеттілігі туралы ақпараттың респонденттердің көпшілігіне белгілі екенін көрсетті. Бұл білім беру ұйымдарында профилактикалық және ағартушылық жұмыстардың жүйелі түрде жүргізілуіне негіз бар екенін аңғартады. Сонымен қатар, аздаған респонденттердің бұл туралы хабарсыз болуы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын одан әрі жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

4. «Университетте Әлеуметтік жұмыс басқармасының дінтану бойынша бас маманы жұмыс жасайтынын білесіз бе?» деген сұраққа байланысты 144 куратор «ия» деп жауап берген.

«жоқ» - 27;

«дінтанушы маман бар екенін естімедім» - 25. Бұл көрсеткіш университетте дінтану саласы бойынша маманның бар екенін кураторлардың көпшілігі білетінін және қажет болған жағдайда олармен жұмыс жасауға мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар, 27 респондент «жоқ» деп жауап берген. Ал 25 респондент университетте дінтанушы маман бар екенін естімегенін білдірген. Бұл көрсеткіштер кейбір кураторлардың университет құрылымындағы дінтану бағыты бойынша жұмыс істейтін маманның бар екенін туралы толық ақпаратқа ие емес екенін аңғартады. Дегенмен, белгілі бір бөлігі бұл туралы хабарсыз. Сондықтан кураторларға университет құрылымындағы мамандардың қызметі мен олардың атқаратын жұмыстары туралы қосымша ақпарат беру, өзара байланыс пен ынтымақтастықты күшейту қажеттілігі байқалады. Әлеуметтік жұмыс басқарманың дінтану бойынша бас маманы Б.Алпысбаев қызмет жасайды. Негізгі қызметі - студент жастарды деструктивті діни ағымдардың ықпалынан сақтау, дін саласындағы ақпараттық-түсіндіру және сауалнамалық жұмыстарын жүргізу және дін саласына байланысты кураторлармен өзара ықпалдастық жұмыстарын жасау болып табылады.

5. «Топта дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына ұшараған студентті ажырата аласыз ба?» деген сұрақ бойынша 110 куратор «ия» деп белгілеген.

«жоқ» - 45;

«дінтанушы маманға жүгінемін» - 38. Сауалнамаға қатысқан кураторлардың жауаптары студенттер арасында дәстүрлі емес діни ағымдардың ықпалын анықтау мәселесінде әртүрлі көзқарас бар екенін көрсетеді. Нәтижеге сәйкес, 110 куратор «ия» деп

жауап беріп, яғни олар топтағы студенттің дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына ұшырағанын белгілі бір белгілер арқылы ажырата алатынын көрсеткен. Бұл көрсеткіш кураторлардың басым бөлігінде діни қауіптердің алдын алу бойынша белгілі бір деңгейде түсінік пен тәжірибе бар екенін аңғартады. Ал 45 куратор «жоқ» деп жауап берген. Бұл топтағы кураторлар мұндай жағдайларды анықтауда қиындықтар бар екенін немесе қажетті білім мен тәжірибенің жеткіліксіз екенін білдіреді. Сондықтан бұл бағытта қосымша түсіндіру жұмыстары мен арнайы семинар-тренингтердің қажеттілігі байқалады. Сонымен қатар, 38 куратор «дінтанушы маманға жүгінемін» деп жауап берген. Бұл кураторлардың мәселені кәсіби маманның көмегі арқылы шешуді дұрыс деп санайтынын көрсетеді. Мұндай көзқарас жауапкершілікті және мамандандырылған кеңестің маңыздылығын түсінетінін білдіреді. Кез келген куратордың діни және құқықтық сауаттылығы жоғары болған дұрыс. Өйткені, деструктивті діни ағымдардың ықпалына ұшыраған адамның сыртқы және ішкі белгілері байқалады. Сыртқы белгілерінде пәкістандық үлгідегі киетін киімі, қауғадай сақалы, қысқа шолақ шалбары. Әсіресе, ішкі белгілерін анықтау мақсатында дінтанушы маман арқылы теологиялық сұрақ-жауап ретінде білуге болады. Деструктивті діни ағымдардың идеологиялық қауіптілігі мемлекеттің зайырлы ұстанымына қарсы ой-пікірі, дәстүрлі ханафи мазхабын қабылдамауы, дінаралық тұрақтылықты сақтамауы және т.б.

6. «Сіздің ойыңызша жастардың дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына кетуінің басты себебі қайсысы?» деген сұрақ бойынша 130 куратор «діни сауаттылықтың төмендігінен» деп жауап берген.

«оларды қаржылай қызықтырады» - 77;

«жастардың тәрбиесімен ата-анасы айналыспағандықтан» - 45;

«бос уақытын тиімді пайдалана алмағандықтан» - 39;

«дәстүрлі емес діни ағымдардың діни идеологиясының мықтылығынан» - 25;

«жұмыссыздықтан» - 9. Сауалнама нәтижесі бойынша 130 куратор жастардың мұндай ағымдарға кетуінің басты себебі ретінде діни сауаттылықтың төмендігін атап өткен. Бұл көрсеткіш ең жоғары болып табылады және жастар арасында діни білімнің жеткіліксіздігі оларды түрлі діни ағымдардың ықпалына оңай түсіруі мүмкін екенін көрсетеді. Сондықтан діни сауаттылықты арттыру, дұрыс ақпарат беру және түсіндіру жұмыстарын күшейту маңызды. Сонымен қатар, 77 куратор жастарды қаржылай қызықтыру факторын атап өткен. Кейбір діни ұйымдар материалдық көмек, түрлі жеңілдіктер немесе қаржылық қолдау арқылы жастарды өз қатарына тартуы мүмкін. Ал 45 куратор бұл құбылысты ата-ананың тәрбиесіне жеткілікті көңіл бөлмеуімен байланыстырған. Отбасындағы тәрбие мен ата-ананың бақылауының әлсіреуі жастардың сыртқы ықпалдарға бейім болуына әсер етеді. 39 куратор жастардың бос уақытын тиімді пайдалана алмауын себеп ретінде көрсеткен. Яғни жастардың бос уақытын пайдалы әрі мазмұнды ұйымдастырмау оларды түрлі идеологиялық ықпалдарға бейім етуі мүмкін. Сонымен қатар, 25 куратор дәстүрлі емес діни ағымдардың идеологиясының әсерлі және тартымды болуы жастарды өзіне тартатынын айтқан. Ал 9 куратор жастардың мұндай ағымдарға кетуін жұмыссыздықпен байланыстырған.

Кураторлардың көпшілігі өте орынды ой-пікір ретінде діни сауаттылықтың төмендігінен жастардың дәстүрлі емес діни ағымның ықпалына ұшырап жатқандығын белгілеп отыр. Діни сауаты жоғары болған жастардың бойында агрессиялық, радикалдық діни ұстанымнан алыс болады және өзге діни жамағаттардың уағыз-насихатының қауіп-қатерін ажырата алады. ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру бағытында мемлекет этносаралық және конфессияаралық келісімді қолдау, толеранттылық пен сындарлы диалог атмосферасын сақтау, діни экстремизм көріністерінің алдын алу және діни сауаттылықты қалыптастыру саясатын жүргізіп келеді. Осыған байланысты жастар арасында діни сауаттылықты арттыру, тәрбиелік жұмыстарды күшейту, бос уақытты тиімді ұйымдастыру және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу маңызды болып табылады.

7. «Студенттердің бойында дәстүрлі емес діни ағымдардың белгілері байқалса, ең алдымен кімге жүгінесіз?» деген сұрақ бойынша 76 куратор «студенттің ата-анасы» деп белгілеген.

«дінтанушы маманы» - 42;

«Факультет деканы» - 42;

«Әлеуметтік жұмыс басқармасы» - 36;

Бұл көрсеткіш кураторлардың басым бөлігі студент мәселесін шешуде отбасының рөлін маңызды деп санайтынын және ата-анамен бірлесіп жұмыс істеуді тиімді жол ретінде қарастыратынын білдіреді. Сонымен қатар, 42 куратор мұндай жағдайда дінтанушы маманға жүгінетінін атап өткен. Бұл студенттің діни көзқарасын дұрыс бағытта түсіндіру және кәсіби кеңес алу үшін мамандардың көмегіне жүгінудің маңызды екенін көрсетеді. Тағы 42 куратор мәселені факультет деканына жеткізуді жөн деп есептеген. Бұл оқу орны әкімшілігінің де мұндай мәселелерді шешуде жауапкершілігі бар екенін көрсетеді. Ал 36 куратор Әлеуметтік жұмыс басқармасына жүгінетінін білдірген. Бұл құрылым студенттермен тәрбиелік, психологиялық және әлеуметтік бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру арқылы мәселені шешуге ықпал етуі мүмкін.

Кураторлар тарапынан студенттік топта әр студенттің психологиялық портретін жасақтап және олардың діни көзқарасын қадағалап отыру қажет. Университетте студенттерге дін саласына байланысты ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында дінтанушы маман Алпысбаев Бахтияр Қаржаубайұлы қызмет жасайды. 4.2 оқу ғимаратында орналасқан. Байланыс телефондары: 8777 1134109 (ватсап), 8747 5088202.

8. «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын қолдайсыз ба?» деген сұрақ бойынша 144 куратор «ия» деп белгілеген.

«жауап беруге қиналамын» - 42;

«жоқ» - 6;

«маған бәрібір» - 3.

Бұл көрсеткіш кураторлардың көпшілігі мемлекет жүргізіп отырған діни саясаттың маңыздылығын түсінетінін және оны қолдайтынын көрсетеді. Сонымен қатар, 42 куратор «жауап беруге қиналамын» деп жауап берген. Бұл олардың дін саласындағы мемлекеттік саясат туралы ақпараттың жеткіліксіз болуы немесе нақты пікір қалыптастыруда белгілі бір деңгейде түсініктің толық болмауы мүмкін екенін білдіреді. Ал 6 куратор «жоқ» деп жауап беріп, мемлекеттік саясатты қолдамайтынын көрсеткен. Сонымен бірге 3 куратор «маған бәрібір» деген жауапты таңдаған. Бұл көрсеткіштер аз болғанымен, дін саласындағы мемлекеттік саясатқа қатысты көзқарастардың әртүрлі екенін аңғартады.

ҚР дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттері мыналар:

1. Мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттарын ілгерілету.
2. Азаматтардың діни сенім бостандығына және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын жасауда құқықтарын сақтау.
3. Қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісім мен тұрақтылықты сақтау.
4. Діни салада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Бұл мақсаттарды орталық мемлекеттік органдар да, жергілікті атқарушы органдар да жүзеге асырады.

9. «ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл», «Терроризмге қарсы іс-қимыл» заңдардың бар екенін білесіз бе?» деген сұрақ бойынша 183 куратор «ия» деп жауап берген.

«жауап беруге қиналамын» - 8;

«жоқ» - 4.

Нәтижеге сәйкес, 183 куратор «ия» деп жауап беріп, яғни Қазақстан Республикасында дін саласын реттейтін және экстремизм мен терроризмге қарсы бағытталған заңдардың бар екенін білетінін көрсеткен. Бұл көрсеткіш кураторлардың көпшілігі еліміздегі діни қатынастарды реттейтін негізгі заңнамалық құжаттар туралы хабардар екенін және олардың маңыздылығын түсінетінін аңғартады. Сонымен қатар, 8 куратор «жауап беруге

қиналамын» деп жауап берген. Бұл кейбір кураторлардың аталған заңдар туралы толық ақпаратқа ие болмауы немесе нақты білмеуі мүмкін екенін көрсетеді. Ал 4 куратор «жоқ» деп жауап берген, яғни олар бұл заңдардың бар екендігін білмейтінін білдірген. Қорытындылай келе, сауалнама нәтижелері кураторлардың басым көпшілігі Қазақстан Республикасының дін саласына қатысты негізгі заңдары туралы хабардар екенін көрсетеді. Дегенмен, аздаған бөлігі үшін бұл бағытта ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, семинарлар мен құқықтық ағарту іс-шараларын ұйымдастыру кураторлардың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

10. «Университетте діни-саяси насихат жүргізуге және діни рәсімдерді орындауға болмайтындығын білесіз бе?» деген сұрақ бойынша 188 куратор «ия» деп жауап берген.

«жоқ» - 4;

«жауап беруге қиналамын» - 4. Нәтижеге сәйкес, университет аумағында діни-саяси насихат жүргізуге және діни рәсімдерді орындауға болмайтынын білетінін көрсеткен. Бұл кураторлардың көпшілігі оқу орнындағы ішкі тәртіп ережелері мен зайырлылық қағидаттарын жақсы түсінетінін аңғартады. Сонымен қатар, 4 куратор «жоқ» деп жауап берген. Бұл олардың аталған талаптар туралы толық ақпаратқа ие болмауы мүмкін екенін білдіреді. Ал тағы 4 куратор «жауап беруге қиналамын» деп жауап берген. Бұл көрсеткіш те кейбір қызметкерлер арасында бұл мәселеге қатысты түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігін көрсетеді.

ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты болып табылады. Сонымен қатар аталмыш заңға сәйкес білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың, бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметін жүргізуге, білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшалықты насихаттауға, педагог қызметкерлердің білім беру үдерісін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында пайдалануына тыйым салынады. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның 7-бабының 3-тармағы бойынша рухани (діни) оқу орындарын қоспағанда, білім беру ұйымдарының ғимараттарында және оларға бөлінген аумақта өткізуге (орындауға) жол берілмейді.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Кураторлардың діни сауаттылығын арттыру. Кураторлар үшін дінтанушы мамандардың қатысуымен семинарлар, тренингтер және ақпараттық кездесулер ұйымдастыру ұсынылады. Бұл кураторлардың дәстүрлі емес діни ағымдардың белгілерін дұрыс анықтауына және алдын алу жұмыстарының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

2. Студенттер арасында діни сауаттылықты көтеру. Жастардың діни сауаттылығының төмендігі негізгі себептердің бірі болғандықтан, университетте дінтанушы мамандармен кездесулер, лекциялар, пікірталас алаңдары мен ашық сабақтар өткізу қажет.

3. Ата-анамен байланыс жұмыстарын күшейту. Студенттердің тәрбиесіне ата-ананың ықпалын арттыру мақсатында ата-аналармен онлайн немесе офлайн кездесулер, түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылуы маңызды.

4. Бос уақытты тиімді ұйымдастыру. Студенттердің бос уақытын тиімді өткізу үшін мәдени, спорттық, зияткерлік іс-шараларды, клубтар мен үйірмелерді көбейту ұсынылады. Бұл жастардың әртүрлі кері идеологиялардың ықпалына түсуінің алдын алуға көмектеседі.

5. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу. ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл», «Терроризмге қарсы іс-қимыл» заңдары бойынша кураторлар мен студенттерге арналған түсіндіру жұмыстарын, құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған кездесулер ұйымдастыру қажет.

6. **Мамандармен бірлескен жұмысты күшейту.** Университеттің әлеуметтік жұмыс басқармасы, психологтар, дінтанушы мамандар және факультет басшылығы арасында өзара үйлесімді жұмыс жүйесін қалыптастыру ұсынылады.

7. **Алдын алу шараларын тұрақты өткізу.** Дәстүрлі емес діни ағымдардың алдын алу мақсатында тақырыптық семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер мен профилактикалық кездесулерді тұрақты түрде өткізу қажет.

Қорытынды:

Жүргізілген сауалнама нәтижелері университетте дін саласына қатысты түсіндіру және алдын алу жұмыстарын жалғастырудың маңыздылығын көрсетеді. Ұсынылған шараларды жүзеге асыру студенттер арасында діни сауаттылықты арттыруға және деструктивті діни ағымдардың ықпалының алдын алуға ықпал етеді.